

**Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Қобда ауылы

№2

2023 жылғы 17 қаңтар
сағ 10:30

Өткізілген орны: Аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залы

Қатысушылар: Аудан әкімі, кеңес мүшелері, жеке кәсіпкерлер, БАҚ өкілі

Күн тәртібінде:

1. Ауданның 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен 2023 жылға арналған міндеттері туралы есебі

Баяндамашы:

Кулов Болат Ахметұлы – аудан әкімі.

2. Аудан аумағында негізгі азық-түлік түрлерінің бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша жүргізілген жұмыс және атқарылатын жұмыстары туралы

Баяндамашы:

Тулешова Күнзия Қайырзаманқызы – аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысының іссапарда болуына байланысты, бас маманы Байтулеева Әсемгүл Бактығалиқызы.

Тыңдалды:

Баяндамашылар:

1. Аудан әкімі Кулов Болат Ахметұлы (баяндама қосымша тіркелді)
2. Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Байтулеева Әсемгүл Бақтығалиқызы (баяндама қосымша тіркелді)

Кеңес мүшесі Н.Қ. Кереймағанбетовтың сұрағы:

- Ауданымызда тұрақтандыру қоры бар ма (стабилизационный фонд)?

Аудан әкімі Б.А. Куловтың жауабы:

- Екінші баяндамашы да айтып өтетін болар, бірақ та айта кетейін Әлия ауылында совхоз кезінен қалған көкөніс қоймасы бар екен, сол жерде күзде 50 тонна картоп салынған болатын, бүгінгі күні оның 2-3 тоннасын пайдаланылды. Сондықтан қазіргі таңда бізде картоп тұрақты, яғни картоп құны 150-160 теңгеден тұр. Сонымен қатар, біздің елді-мекенге қала жақын болғандықтан сол жақтан жеткізіледі, қаланың тұрақтандыру қоры арқылы. Қазіргі таңда мысалға айтатын болсақ, Қарғалы ауданының өзінде тұрақтандыру қорында 3 мың тонна картоп тұр екен. Сондықтан баға тұрақты, әзірге өзімізде 50 тонна картоп, 3 тонна сәбіз, 2 тонна қырыққабат тұрақтандыру қорында тұр. Егер ақпан-наурыз айларында көтерілетін болса, өзіміздің сақтаған өнімдер шығарылып сатылатын болады. Болашақта өзімізде тұрақтандыру қорын құру үшін типтік көкөніс қоймасын салу керек, біздің қойма совет кезінен салынған болғандықтан ауа температурасы тұрақсыз болып тұр, яғни -40 градус аязда +3 градустан түсіп кетті, ал көкөніс қоймасының температурасы +10 градустан түспеу керек. Ол үшін климатты сақтап отыратын арнайы құрылғы керек, ол өте қымбат және де әзірге ондай аппарат бірде бір ауданда жоқ. Сонымен қатар арнайы техникалар да жоқ. Бірақ та айтылу, түсіндіруіміз керек. Осы қаңтар айында барлық шаруашылық қожайындарын жинайтын боламыз, сол кезде құрметті агрономы ретінде қатысып бірге талқылауға болады.

Кеңес мүшесі Н.Қ. Кереймағанбетовтың сұрағы:

- Шөп шабу науқаны барлығы қатып қалған кезде шілде айында бастайды, неге?

Аудан әкімі Б.А. Куловтың жауабы:

- Шілде айында шабатындар жоқ деп айта алмаймыз, алайда бұрынан шаруашылықпен айналысып келе жатқандар маусым айында кірісіп кетеді.

Кеңес мүшесі А.Қ. Сәрсенбайдың сұрағы:

- Баяндамаңызда білім саласы бойынша деректер берілген болатын. Қарап отырсақ, 120 оқушының 11 ғана 100 балдан асқан екен. Бұл аудан бойынша өте төмен, ұят. Бөлім басшысымен де сөйлескен болатынымын.

Білім сапасы жылдан жылға төмендеп келеді. Осыған ерекше көңіл бөлуіміз керек деп ойлаймын. Мектеп басшылары, мұғалімдер де істі болып жатқанын естиміз. Білім бөлімінің жұмысы көп жағдайда қаралмай қалып жатыр. Негізінен қаралатын сұрақтар ауыл шаруашылығына қарай бұрылып кетеді де, білім саласы бойынша тақырып қалып қояды. Өзім сол салада жұмыс жасаған соң, көп жағдайды көріп отырмын. Мектеп көпсалалы мектеп болып кетті, яғни тарихшы еңбек пәнінен де басқа пәннен де дәріс бере беретін болды. Қазақ мектебіне барып қарауларыңызға болады. Осы мәселеге көп көңіл бөлінуді сұраймын.

Аудан әкімі Б.А. Қуловтың жауабы:

- Әр тоқсан сайын отырыстарда білім саласын қарауларыңызға болады. Әр саланың жұмыстарымен келіспейтін тұстар болып жатса, Қоғамдық Кеңес әр тақырыпты, яғни аудан әкімінен бастап, барлық бағыттағы тақырыптарды тыңдай алады. Сонымен қатар, келесі отырыста облыстық білім басқармасынан да шақыртып қатыстыруларыңызға болады.

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.З. Жиеналиннің ұсынысы:

- Құрметті кеңес мүшелері осындай ұсыныстарыңыз болса өзіміздің WhatsApp чатына жолдауларыңызға болады.

Кеңес мүшесі А.К. Темірбайдың пікірі:

- Аудандағы 2022 жылғы атқарылған жұмыстар туралы өңір басшымыз Болат Ахметұлы анық, толық есебін берді. Біраз жұмыстар атқарылған, қуанып отырмыз. Сізге рақмет. Қосымша ұсыныстар да айтылып жатыр. Айта кетейін, басқа өңірлерге қарағанда шүкірміз, суымыз, газымыз бар. Айтылған сұрақтарымыз да шешіліп жатыр. Көңіліміз рахаттанады. Кәсіпкерлерге де ризашылығымды білдіргім келеді, тауарлар сапалы, тамақ өнімдері де жаңа, үлкен супермаркет ашылды. Ол жаққа түкпір-түкпір ауылдан да келіп сауда жасайды. Қоғамдық кеңес отырыстарында да болған мәселелерді талқылармыз. Алдағы 2023 жылға да сәттіліктер тілеймін.

Кеңес мүшесі Н.Қ. Кереймағанбетовтың пікірі:

- Мен де қосыламын, біздің облыс оның ішінде Қобда ауданының жағдайы, тұрмыс-тіршілігі жылдан жылға қарқынды дамуда. Алдағы уақытта аталған сұрақ-пікірлер қаралады деп ойлаймын. Сонымен қатар, халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыстарын тыңдай аламыз ба? Яғни сырттағы банкоматтары қыс мезгілінде жұмыс жасамайды, операторлар тұрақсыз.

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.З. Жиеналиннің жауабы:

- Жылдық жоспарға енгізілді. Жоспар бойынша қазан айында тыңдалады.

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.З. Жиеналиннің ұсынысы:

- Кәсіпкерлерге ұсынысымыз азық-түлік мониторингін жүргізген кезде көпшілік уақытта бағалар болмайды, яғни алдағы уақытта ең болмағанда 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары көрсетіліп тұрса деген ұсынысымыз бар.

Кеңес мүшесі А.Қ. Сәрсенбайдың сұрағы:

- Сіздер тексеру барысында шара қолдана аласыздар ма?

Кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы А.Б. Байтулееваның жауабы:

- Бізде құқық жоқ, тек мониторинг жүргіземіз.

Кеңес мүшесі А.С. Қабыловтың пікірі:

- Кәсіпкерлерді де түсінуге болады. Қоғамдық кеңес мүшелерінің де айтуы орынды, кәсіпке шектеу қою деген түсінік емес, халықтың ойын жеткізу деп білу керек. Кеңес мүшелері мониторингке барғандағы проблема – ешқандай құжат берілмейді, мысалы жүкқұжаты (накладной) т.с.с., егер барлығы ашық түрде болатын болса, мархабат, онда тұрған ештеңе жоқ, осы жағын дұрыс түсінсеңіздер ешқандай мәселе болмайды. Өз өңіріміздің кәсіпкерлері байып кетіп жатырса, бізге үлкен қуаныш, алайда бағаның шектілігін ұстау керек. Соған назар аударуларыңызды сұраймыз, кәсіпкерлер.

Кеңес мүшесі Ж.Қ. Ерғалиевтің «Әкежан» супермаркетінің өкіліне сұрағы:

- Сіздерде неге сауда жасағанда карточка арқылы төлем жасағанда лимит тұр?

«Әкежан» супермаркетінің өкілінің сұрағы:

- Ол жағын дұрыстап жатырмыз, процент ұсталынады.

Кеңес мүшесі Ж.Қ. Ерғалиевтің пікірі:

- Олай болмайды, тұтынушының құқығын неге бұзасыздар? Алғысы келген уақытта карточкамен алуы керек, бермеген жағдайда шағымдана алады. Сол жағын қарағыздар! Кәсіпкерлік бөлімі, жауабын беріңіз!

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.З. Жиеналиннің ұсынысы:

- Келесіде кәсіпкерлердің өзі қатысу керек, яғни дүкен қожайыны.

Жеке кәсіпкер А. Амиргалиев сұрағы:

- Үстінен қосатын үстемақы 15 пайыз, Қобдада неге 10 пайыз, қайдан алынып отыр?

Кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы А.Б. Байтулееваның жауабы:

- Біздің аудан облысқа жақын деп есептелгендіктен, сонымен қатар қаладан өздері алып келеді.

Жеке кәсіпкер А. Амиргалиев пікірі:

- Негізі ҚР бойынша барлық жерде 15 пайыз деп айтылады, мысалы, көкөністерді іріктеген уақытта қалдықтар көп шығады, сол жағын да ескерсеңіздер.

Кеңес мүшесі А.А. Оразованың ұсынысы:

- Осындай мәселелерді көтереміз, осылардың барлығы хаттамаға түсіріліп, келесі отырыста осы талқыланған мәселелерге жауаптар алынса деген ұсынысым бар.

Кеңес мүшесі А.С. Қабыловтың пікірі:

- Әрбір кеңес отырысындағы сын-ескертпелер, ұсыныстар бойынша келесі кеңес отырысының басында орындалуы немесе кемшілігін жою бойынша баяндау күн тәртібіне енгізілсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.З. Жиеналиннің жауабы:

- Әр отырыста міндетті түрде хаттама толтырылады. Оны барлығыңыз да білесіздер. Сонымен қатар, өткен отырыстарда тыңдалымдар болды. Мысалы, көпсалалы колледждің жұмыстары бойынша сұрақтар талқыланған уақытта Қоғамдық Кеңес тарапынан 2022 жылдың 21 қыркүйегінде №14 ұсыныс хат жолданған болатын, ол ұсынысқа колледж басшысының міндетін атқарушы Г.Сукулова 2022 жылғы 31 қазанда өткен отырыста жауап берген болатын. Әрқашан хаттама толтырылып отырады, соны ұмытпайық. Барлығыңызға көп рақмет!

Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Аудандық Қоғамдық Кеңес отырысындағы баяндамашылардың ақпараттары назарға алынсын, сонымен қатар:
 - 1.1. Аудандық білім бөлімінің басшысы жылдық жоспар бойынша маусым айында тыңдалады;
 - 1.2. Аудандық кәсіпкерлік бөлімі аудандағы жеке кәсіпкерлерге 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына шекті бағадан асырмау жөнінде түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізсін.

Қоғамдық Кеңес төрағасы




Ж. Жиеналин

Хатшы

А. Қабақбаева

№3
(6984)

25 қаңтар
сәрсенбі
2023 жыл

QO

Қобда ауданының газеті

М ОЗЕКТІ



ТОЛЫМДЫ ІСТЕР БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСАДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында атқарушы билік пен өкілетті биліктің қоғамдық кеңес алдындағы есебін тыңдау жөніндегі кеңес отырысы болып өтті. Отырысты аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Жұмағазы Жиеналин ашып, кеңестің күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Аталған жиынға қоғамдық кеңестің мүшелері, БАҚ өкілдері, жергілікті кәсіпкерлер қатысты.

Қоғамдық кеңес отырысында алдымен аудан әкімі Болат Куловтың ауданның 2022 жылға әлеуметтік-экономикалық дамуы мен 2023 жылға міндеттері туралы есепті баяндамасы тыңдалды. Аудан әкімінің есебінен соң қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар айтылды.

Мұнан соң күн тәртібіне қойылған мәселелерге сәйкес кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Өсемгүл Байтүлеева аудан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жұмыстары тура-

лы хабарлама жасап, атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

Өз кезегінде ауданда тұтыну нарығында бағаны тұрақтандыру үшін барлық қажетті шаралар алынып отыр. 2023 жылға осы аптада негізгі азық-түлік тауарларының бағалары талқыланып, аудан әкімдігі және ауданның дүкендері мен негізгі азық-түлік тауарларына қосылатын үстем ақысы 10 пайыздан аспайтындығы туралы меморандумға қол қойылады. Осы меморандумға қатысып, отырған кәсіпкерлермен қол қоюға дайын екендіктерін және аптасына

екі рет «FSMexpres» мобильді қосымшасы арқылы мониторингке шығатындарын тілге тиек етті.

Отырыс барысында аудан әкімі жоғарыда айтылған ауқымды жұмыстар төңірегінде тағы бір мәрте қосымша мәлімет беріп, биылғы жылы қолға алынар маңызды деген бірқатар жобалар жайында сөз сабақтады.

Кеңес мүшелері қаралған мәселелерді талқылай отырып, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Атап айтқанда, білім сапасына, халыққа қызмет көрсету орталығы пошта торабының жұмысындағы кемшін тұстарды көлденең тартты.

Кеңес жұмысын кеңес төрағасы Жұмағазы Зайырұлы қорытындылап, айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша тиісті басшылық орындарға ұсынылатынын және орындалуы бақылауда болатынын білдірді.

Анаргүл ЕГІЗБАЕВА.

М ТАҒЫМ